

2024 жылғы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар

Жариялау күні: 27.03.2025
Келесі жариялау күні: 27.03.2026

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Динамика](#)
- [3. Әдістемелік түсініктемелер](#)
- [4. Глоссарий](#)
- [5. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

Электронды кестеде 2024 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың көрсеткіштері көрсетілген.

2024 жылдың соңына Қазақстан Республикасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі 304 ұйымдар есепке алынды, оның ішінде стационарлық үлгідегі ұйымдар – 180, жартылай стационарлық үлгідегі - 86, уақытша болу – 34, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бірнеше шарттары бар – 4 ұйым бар.

2024 жылдың соңына осы ұйымдарда тұратындар саны 40279 адамды құрады, соның ішінде жасы бойынша зейнеткерлер – 13678 адам (34,0%), Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер – 13 адамды (0,03%) құрады.

Электронды кестелер:

- [1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы:](#)
- [2. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындардың сипаттамасы:](#)
- [3. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарында тұратындар:](#)
- [4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарда тұратындардың мүгедектігі бойынша саны.](#)


2. Динамика

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны және құрылымы

	2022	2023	2024
Барлығы	281	291	304
Қалалық жер	194	208	214
Ауылдық жер	87	83	90

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың жалпы саны

бірлік



Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарында тұратын негізгі контингент – мүгедектігі бар адамдар. Олардың саны 25309 адамды немесе 2024 жылдың соңында қызмет көрсетілгендердің жалпы санының 60,8%-ын құрады.

2024 жылдың соңында тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектердің саны 4619 адамды (17,7%) құрады, мінез-құлқындағы психикалық бұзылыстары бар - 20314 адам (78%).

3.Әдістемелік түсініктемелер

Стационарлық үлгідегі ұйымдар - стационар жағдайында қызмет алушылардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар).

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар - қызмет алушыларды ұйымда тәуліктің күндізгі уақытында ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) болуына арналған күндіз болу бөлімшелері, аумақтық және оңалту орталықтары, өзге де ұйымдар.

Уақытша болу ұйымдары - тұрғылықты жері жоқ адамдардың тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған ұйымдар.

4. Глоссарий

Жартылай стационарлық жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге)

күндіз болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

Стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерге көрсетуге арналған заңды тұлға.

Уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы уақытша (бір жылдан көп емес) болуы жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға.

3

5. Басылымдарға байланысты сілтемелер

[Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алушылар саны;](#)
[Мүгедектік бойынша тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақына алушылар саны.](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[«Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар».](#)
[Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау».](#)

Басылымға жауапты: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: А.Мизинбаева Тел.+77172749258 E-mail: a.mizinbaeva@aspire.gov.kz	Мекен жайы: 010000, Астана қаласы. Мәңгілік ел даңғылы 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	--
